

«Ұлттық құндылықтағы зергерлік бұйым - өңіржиектің танымдық мәні»

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.05.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/98297/>**Г.Т.Хамитова****А.М.Сәбит***Тұран университетінің Туризм (201)4 Мамандығының 1 курс студенті*

Қазақ зергерлік өнері қола дәуірінің өзінде-ақ пайда болған. Ғасырлар бойы ежелгі дала халқының әшекейлерін жасайтын бірегей стиль, технологиялар дәріптелді. Қазақтың дәстүрлі әшекейлерін білімі ұрпақтан ұрпаққа берілетін шеберлер жасаған. Зергерлердің негізгі қасиеттері:

Талант және туа біткен эстетикаға құштарлығы.

Тиянақты бұйымдар мен мінсіздікке жеткізетін сабырлық.

Ежелгі зергерлер зергерлік бұйымдардың бірнеше түрін шығарды, олардың әрқайсысының өзіндік атауы, Әлеуметтік-мәдени және діни маңызы болды. Зергерлік әшекейлер-бұл жай ғана бұйым емес, бұл тұтас өнер және тамыры өткенге терең бойлап кететін қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен тарихының елеулі бөлігі. Әйелдерге арналған кеуде әшекейлері назар аударуға лайық, өйткені олар жамандықтан қорғайтын ерекше бұйымдар болды.

«Өңіржиек» төсбелгісі ромбтар мен тақтайшалардан жасалған ілмектері бар тізбектермен тігінен бекітілген үш қуыс тік бұрышты тілімшеден тұрады.

Туғаннан бастап қайтыс болғанға дейін әйелдер ұлттық зергерлік бұйымдарды киіп жүрді, олар өз қожайындары туралы бәрін айта алады: тұрмысқа шыққан ба, жоқ па, оның жасы, тіпті шыққан тегі, тұрмыстық жағдайы — барлығын әшекейлер арқылы біліп отырған. Халқымыздың ұмытылып бара жатқан сәндік бұйымы — өңіржиек және оның мән-мағынасын өзіміз сияқты жастарға таныстыра отырып, дұрыс қолдана білуге ықпал ету. Өскелең жас ұрпақ халқымыздың әшекей бұйымы — өңіржиектің мағынасын терең танып біліп, оны өз талғамдарына сай заманауи үлгіде жасауға және безендіруге

талпындыру. Жастарымыздың сәндік әшекей бұйымдарды жасауға деген қызығушылығын арттыру. Осы тұрғыда мойын әшекейі жаңа үлгіде орын алады.

Мойын әшекейі – Өңіржиек. Өңіржиек- қазақ халқының ұлттық әшекей бұйымдарының бірі. Бұл бұйым әшекей-бұйымдардың мойынға тағылатын түріне кіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында өңіржиекті мейрам күндері қыздарымыз мойындарына сәндік үшін таққан. Өңіржиек төрт бұрышты болып келген бірнеше күміс тақташалардан (көбіне үшеу) тұрады және олардың аралары бірнеше жіңішке шынжырлар арқылы байланысады. Қазақ шеберлері тақташалардың арасын қуыс етіп, ортасына ақ балшық толтырып (майыспас үшін) жасайды [1]. Өңіржиектің тақташаларының жуандығы жарты сантиметрден бір сантиметрге дейін жуықтайды. Өңіржиектің тақташасын «Алақан» деу дұрыс болып саналады. Жиектеріне алтын, күміс сіркешелер қондырылады. Өңіржиекті қазақ қыздары жасына қарай әртүрлі етіп таққан. Әр тақтайша қыздың жасына байланысты түрлі тастармен әшекейленеді де, ою-өрнектер түсіріледі. Алақандар, әдетте, төртбұрышты, тікбұрышты, кейде күрделі пішінді, тігінен ілмек тәрізді тәсілмен немесе тетраэдрлік тоқудың бірнеше тізбектерімен жалғанады. Қосымша әшекейлеу құралдары зергерлік тастардан (бағалы) және сәндік тастардан жасалған. Сүйікті тастар қызыл түсті (лағыл, карнел, сондай-ақ маржан) болды. Зергерлік бұйымдарды жасау мен безендіруде эстетикалық мотивтерден басқа белгілі бір металдар мен тастарды пайдалану металдардың (алтын, күміс, мыс және т.б.), тастар мен минералдардың емдік қасиеттеріне қарай қолданылды (кәріптас, меруерт, көгілдір, маржан, карнель). Олар емдік қасиеттерге ие болды. Сонымен, көгілдір (перезе) бақыт әкеледі деп сенеді; карнелян (ай) бойтұмар болған; маржан зақымданудан, жала жабудан қорғалған, өмірдің әл-ауқатына сау ұрпақтар дүниеге келуіне ықпал етті. Халық арасында кейде әйел адамдар киетін шапанның алдыңғы екі өңіріне салынатын өрнекті де кейде өңіржиек деп атайды.

Қазақ зергерлерінің шеберлігінің шыңы — керемет өңіржиек төсбелгілері болды. Олар үйлену жиынтығының бір бөлігі еді.

Өңіржиек деп аталатын дәстүрлі қазақ зергерлік бұйымдарын

-Тұрмысқа шықпаған қыздар;

-Қалыңдықтар;

-Жас әйелдер мен емізетін аналар киген.

Алқа көз тиюден, аурудан және жаман әруақтардан сақтайды деген сенім болған. Ахмет Байтұрсынов зерттеулерінде “үстіне кигені кілең жібек, я кілең былғары дейміз (киімнің орнына жасалған нәрсесін айтамыз). Айсұлу мен Кеншімбайдың сөзінде мынандай жерлері бар:

Жаппастың сап-сары алтын жиған мүлкі,

Мейман дос, келсе қонақ, барша жұрты

Шығады қыз-боз бала серуенге,

Үстіне масаты мен кейіп құлпы.” Мұнда алтыннан істелген бұйымдардық орнына істелген затын алтынды айтып отыр, масатымен істелген киімнің орнына киімдердің істелген заты масаты мен құлпының өздерін айтып отыр [2, 160-б]. Автор қыз-келіншектердің киген киімін таққан бұйымдарын, біріншіден сәндік есебінде, екінші тіл-көз сұқтан, үшіншіден өзін-өзінтану бағытында ұстануды айтады.

Өте ауыр, сондықтан ол таққан әйел адамның арқасын тік ұстауға мәжбүр етеді. Бала туылғанға дейін үйленудің бірінші жылында зергерлік бұйымдар құнарлылық пен үлкен ұрпақтың мағынасын жеткізді. Өңіржиек тұрмысқа шыққан әйелдердің міндетті түрдегі әшекейі болды, әсіресе жас нәрестені тамақтандыру кезінде. Өйткені бұл әшекей кішкентай нәрестеге көз тигеннен сақтайды деп сенген.

Қазба жұмыстарынан табылған өңіржиектер. Зерттеу жұмыстары жүргізілген кездегі табылған әшекей-бұйымдардың ішінде өңіржиек те жиі кездеседі. Соның ішінде Тақсай қорымынан табылған (БҚО) және Солтүстік Қазақстаннан табылған тұрмыстағы әйел адамның күнделікті киіміне осы бұйым да кіреді екен. Суреттерге қарайтын болсақ екеуін де ХІХ ғасыр деп тұр демек, өңіржиек ертеден бастап осы уақытқа дейін өз мән-мағынасын жоғалтпаған [3].

Әсемдік заттар да өмірде белгілі бір маңызға ие болған. Қабірлерден табылған көптеген зергерлік бұйымдарға қарап, әйелдер алтын жалатылған сырғалар мен бұралған сырғаларды, алқалар немесе моншақтарды, білезіктер мен жүзіктерді киген. Киімдерінің жағасына шыны моншақ тігіп, кеудесіне дөңгелек қапсырмалар тағып жүрген [4]. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының тарихи өлкетану мұражайында Тақсай оба кешенінен табылған әшекей бұйымдардың қатарында өңіржиек те бар (3-сурет). Бұл өңіржиектер күмістен жасалған.

Қазіргі кезде өңіржиектің қолданысы туралы. ХХІ ғасырда өңіржиектің қолданысы мәнсіз. Ата-бабаларымыз кез-келген әшекейді өзіндік мағынасымен жасаған. Соның ішінде өңіржиек әйел адам үшін маңызды болып табылады. Өңіржиектің қыз баланың есейген кезіне дейін арналған түрі «Өңіртал» деп аталады. Өңірталдың тақтайшаларының арасы алшақ орналасқан екі тақтайшадан тұрады, алақандар күміс шынжырлармен байланысқан.

Ертеде әйелдер көйлегінің кестесін тігу үшін әйелдер мойнына көлемді зергерлік бұйымдар тағатын. Көбіне мұндай әшекей осы өңіржиек болатын. Сонымен қатар, ол бойтұмар ретінде қызмет етті. Алтыннан және тастардан жасалған бұл әшекей әр уақыттың дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап қалды. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп

отырды, өйткені оларды жасау өте қымбатқа түсті [5]. Өңіржиекті оған қосымша алақандар қосу арқылы ұзартуға болғандықтан, қыз балалар өскен сайын жасына байланысты қосып отырды. Өңіржиекті жасау кезінде шеберлер әртүрлі техниканы — құю, бедерлеу, штамптау және тағы да басқа әдістерді қолданды. Қазіргі таңда осындай мағынасы зор бұйым өз мағынасын жоғалтуда. Бірақ дизайнерлер мен стилисттер бұл сәндік бұйымды кері қолданысқа кіргізуге тырысып жатыр.

Қорытынды. Қазақтың халық зергерлік бұйымдары ұлттық мәдениеттің тарихында ерекше орын алады, оның шығу тегі мыңжылдықтардан басталады. Қазақтардың қолөнер өндірісінің орталықтары Сырдария қалалары мен Орталық Қазақстан мен Жетісудың ауылдары болды. Мұнда әйгілі темір ұсталары, оюшылар, зергерлер, құю өндірістері жұмыс істеді. 16-20 ғасырларда қысқы және жазғы ауылдарда шеберханалар болды — ұсталық, ұстахана; ұсталар — теміршіхана, зергерлер шеберханалары — теберхан. Әр заманның өзіндік ерекше стилі болады. Өңіржиек кешегі заманмен бүгінгі заманның ескірмейтін ұлттық бұйымдарымыздың коды болса керек. Қазіргі кезде ата-бабаларымыздың сеніммен жасаған әшекейлерін жаңаша үлгіде көрсетіп, енгізу міндет. Өйткені өңіржиек тек әдемілік үшін емес, қыздарды тіл көзден сақтап, денсаулықтарын нығайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. [<https://kk.wikipedia.org/wiki/Өңіржиек>]
2. А.Байтұрсыновшығармалары: Өлеңдері, аудармалары, зерттеулері, (құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С) Жазушы, 1989, 320-б
3. Қазақстан Ұлттық мұражайы, виртуалды тур [<https://kazmuseum.com/zal-etnografii-2/virtualnyj-tur-po-zalu-etnografii-2.html>]
4. [<https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/30136>]
5. [https://spletnik.ru/blogs/moda/156995_kazakhskie-yuvelirnye-ukrasheniya]

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.